

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 343 және 2006 жылғы 25 тамыздағы N 817 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 1094 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.07.2016 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тізілімін, нормативтік құқықтық кесімдерінің эталондық бақылау банкін жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 343 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 15, 149-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тізілімін, нормативтік құқықтық кесімдерінің эталондық бақылау банкін жүргізу ережесінде:

4-тармақтың тоғызыншы абзацында "орталық мемлекеттік органдар ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтың үшінші абзацында ", олардың ведомстволарының" деген сөздер алынып тасталсын;

2) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.08.25 № 964 Қаулысымен;**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі